

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛМ ЖӘНЕ ФЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазак ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ө.А.Байқоңыров атындағы тау-кен металлургия институты

«Маркшайдерлік іс және геодезия» кафедрасы

СЕМБОЛЫМДЫЛЫК

Парахатова Назира Мамутовна

«Аумақты дамыту және жоспарлау стратегиясын әзірлеу кезінде геоакпараттық
жүйелерді қолдану»

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

5B071100 – «Геодезия және картография» мамандығы

Алматы 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ФЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ө.А.Байқоңыров атындағы тау-кен металлургия институты

«Маркшейдерлік іс және геодезия» кафедрасы

5B071100- Геодезия және картография



ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: «Аумақты дамыту және жоспарлау стратегиясын әзірлеу кезінде геоакпараттық жүйелерді қолдану»

5B071100 – «Геодезия және картография» мамандығы

Орындаған

Парахатова Н.

Пікір беруші

әл-Фарағи атындағы
Қазақ ұлттық университетінің
PhD, доцент м.а.

Сарыбаев Е.С.



Фылыми жетекші

Техника ғылымдарының
магистрі

 Алпысбай М.А.

Алматы 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық Техникалық Университеті

Ө.А.Байконыров атындағы тау-кен металлургия институты

«Маркшейдерлік іс және геодезия» кафедрасы

5B071100- Геодезия және картография



Дипломдық жұмысты орындауға
ТАПСЫРМА

Білім алушы Парахатова Назира

Тақырыбы: «Аумақты дамыту және жоспарлау стратегиясын әзірлеу кезінде геоакпараттық жүйелерді қолдану»

Университет Ректорының 2021жылғы "24" 12 489-П/Ө-б бұйрығымен бекітілген

Орындалған жұмыстың өткізу мерзімі: « » 2022 жыл

Дипломдық жұмыстың бастапқы мәліметтері: ОSM қолдану арқылы жүктелген Алматы қаласының векторлық қабаттары

Дипломдық жұмыста карастырылатын мәселелер тізімі: геоакпараттық жүйелердің кала құрылышында колданылуы, арнайы бөлім, жер пайдалану жоспарын және 3D модель құру.


Графикалық материалдардың тізімі (міндепті түрде қажет сыйбалар көрсетілген): құрылых үшін клайлыаумақты анықтау барысы, жер пайдалануды жоспарлау және оның 3D моделін құру.

Ұсынылған негізгі әдебиеттер: 1. Шипулин В. Д. Основные принципы геоинформационных систем: учебн. пособие. – 2010. 2. Кащенко Н. А., Попов Е. В., Чечин А. В. Геоинформационные системы. – 2012. 3. Аль Савафи М. Х. Геоинформационные технологии в градостроительной деятельности. – 2021. 4. Карманов А. Г., Кнышев А. И., Елисеева В. В. Геоинформационные системы территориального управления //СПб.: ИТМО. – 2015. – Т. 129. 5. Бахмисова М. А. Программа SketchUp для 3D-моделирования и дизайн-проектирования объектов интерьера //Развитие науки и образования. – 2019. – С. 80-90.

**Дипломдық жұмысты дайындау
КЕСТЕСІ**

Бөлім атаулары, дайындалатын сұраптардың тізімі	Ғылыми жетекшіге, кенесшілерге өткізу мерзімі	Ескерту
Негізгі бөлім	17.01.2022	-
Арнайы бөлім	7.02.2022	-
Картографиялық бөлім	11.03.2022	-

Аяқталған дипломдық жұмыстың және оларға қатысты диплом жұмысының бөлімдерінің кенесшілерінің және қалып бақылаушының қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Ғылыми жетекші, кенесшілер (аты-жөні, тегі, ғылыми дәрежесі, атағы)	Қолтаңба қойылған мерзімі	Қолы
Негізгі бөлім	Алпысбай М.А. Т.ғ.м.	19.01.2022	
Арнайы бөлім	Алпысбай М.А./ Т.ғ.м.	10.02.2022	
Картографиялық болім	Алпысбай М.А. Т.ғ.м.	12.03.2022	
Қалып бақылаушы	Шакиева Г.С. Т.ғ.м, лектор	19.05.2022	

Ғылыми жетекшісі



Алпысбай М.А.

Тапсырманы орындауға алған білім алушы



Парахатова Н.М.

Күні «__» 2022 ж

АНДАТПА

Дипломдық жұмыстың мақсаты аумакты дамыту және жоспарлау стратегиясын өзірлеу кезінде геоакпараттық жүйелерді қолдану мүмкіндігін, құрылыш процесі кезінде мониторингтеу және басқару жүйесі ретінде қолдану әдістерін талдау және көрсету.

Жұмыстың өзектілігі уақыт ағымына сай қарқынды даму процесіндегі қала құрылышын бақылау және оның жоспарын жасау жұмыстарын автоматтандыруға, мәліметтерді бірыңғай жүйеге жинауға және өндеуге негізделген.

Дипломық жұмыс үш негізгі бөлімнен тұрады:

- 1) Аумақты жоспарлау кезіндегі геоакпараттық жүйелер;
- 2) Зерттеу ауданы туралы қыскаша акпарат;
- 3) Жерді пайдалануды жоспарлау сценарийлері және 3D-де визуализация орындау.

Бірінші бөлімде геоакпараттық жүйелер жайлы жалпы түсінік, оны қала құрылышында қолдану барысы және Қазақстан Республикасы аймағында, нақты Алматы қаласында қолданылатын геоакпараттық жүйелер туралы мәліметтер қамтылады.

Екінші бөлім зерттау ауданы ретінде алынған Алматы қаласының геоморфологиялық жағдайы, климаты, гидрография, топырак жамылғысы, жануарлар және өсімдіктер әлемі жайлы сипаттамалық мәліметтерге арналған.

Үшінші бөлім – практикалық бөлім. Онда Алматы қаласының белгілі аумағына қатысты зерттеу, өндеу және жобалау жұмыстары барысы көрсетіледі.

Дипломдық жұмыс 41 бет, 24 сурет және 36 қолданылған әдебиеттерден тұрады.

Кілт сөздер: аумақты жоспарлау, аумақты дамыту, геоакпарттық жүйелер, ArcGIS, QGIS, 3D сахна.

АННОТАЦИЯ

Целью дипломной работы является анализ и демонстрация возможности применения геоинформационных систем при разработке стратегии развития и планировании территории, методов использования мониторинга и управлеченческой системы в процессе строительства.

Актуальность работы обусловлена автоматизацией работ по градостроительному контролю и составлению его планов в процессе динамичного развития в соответствии с течением времени, сбор и обработка данных в единую систему.

Дипломная работа состоит из трех основных разделов:

1) геоинформационные системы при планировании территории;

2) краткая информация о районе исследования;

3) сценарии планирования землепользования и выполнение визуализации в 3D.

Первый раздел содержит общее представление о геоинформационных системах, о ходе их применения в градостроительстве и сведения о геоинформационных системах, применяемых на территории Республики Казахстан, в частности города Алматы.

Второй раздел посвящен описательным данным о геоморфологическом состоянии, климате, гидрографии, почвенном покрове, животном и растительном мире города Алматы, полученным в качестве исследовательского района.

Третья часть - практическая часть. В нем будет отражен ход исследовательских, отделочных и проектных работ в отношении определенной территории города Алматы.

Дипломная работа состоит из 41 страниц, 24 рисунков и 36 использованной литературы.

Ключевые слова: планирование территории, развитие территории, геоинформационные системы, ArcGIS, QGIS, 3D сцена.

ANNOTATION

The purpose of the thesis is to analyze and demonstrate the possibility of using geoinformation systems in the development strategy and planning of the territory, methods of using monitoring and management systems in the construction process.

The relevance of the work is due to the automation of work on urban planning control and the preparation of its plans in the process of dynamic development in accordance with the passage of time, data collection and processing into a single system.

The thesis consists of three main sections:

- 1) geoinformation systems in the planning of the territory;
- 2) brief information about the study area;
- 3) land use planning scenarios and 3D visualization execution.

The first section contains a general idea of geoinformation systems, the course of their application in urban planning and information about geoinformation systems used on the territory of the Republic of Kazakhstan, in particular the city of Almaty.

The second section is devoted to descriptive data on the geomorphological state, climate, hydrography, soil cover, animal and plant life of the city of Almaty, obtained as a research area.

The third part is the practical part. It will reflect the progress of research, finishing and design work in relation to a certain territory of the city of Almaty.

The thesis consists of 41 pages, 24 pictures and 36 references to literature.

Keywords: territory planning, territory development, geoinformation systems, ArcGIS, QGIS, 3D scene.

МАЗМУНЫ

KІРІСПЕ	9
1. Аумакты жоспарлау кезіндегі геоакпараттық жүйелер	10
1.1. Геоакпараттық жүйелер	12
1.2. Қала құрылышында пайдаланылатын геоакпараттық жүйелер	14
1.3. Алматы қаласында қала құрылышында ГАЖ жүйелерін қолдану	18
2. Зерттеу ауданы туралы қысқаша акпарат	24
2.1. Геоморфологиялық жағдайлар және топырак жамылғысы	24
2.2. Климаттық жағдайы	25
2.3. Гидрография	25
2.4. Өсімдіктер мен жануарлар әлемі	26
2.5. Ауданның шаруашылық және экономикалық игерілуі	26
3. Жерді пайдалануды жоспарлау сценарийлері және 3D-де визуализация орындау	27
3.1. QGIS бағдарламасы	28
3.2. ArcMap бағдарламалық жасақтамасы	29
3.3. QGIS бағдарламасында бастапқы деректерді әзірлеу	29
3.4. ArcMap жасақтамасында жаңа мектеп құрылышы үшін қолайлы аймақты анықтау	31
3.5. Аймақты жоспарлау және 3D модель құру	35
КОРЫТЫНДЫ	38
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	39

КІРІСПЕ

Адам өмірі және ондағы құбылыстар күн сайын түрлі кейіпке енуде. Заман ағымына сай жаңа технологиялардың дамуына, көғамдағы жағдайлар мен адам өмірі салтының өзгеруіне байланысты қалалардың дамуы қаркынды түрде жүріп келеді. Халықтың қала орталығына қарай жақын тұру сұранысы да артып, қала аумағын жоспарлау мен дамыту жұмыстарын өзекті етіп отыр.

Аумакты жоспарлау – аумактың дамуын жоспарлау, әртүрлі деңгейдегі объекттердің орналасуын анықтау, халық өмірі үшін қолайлы жағдайларды қарастыру сынды жұмыстарды қамтиды. Жоспарлау жұмыстарын кажетті мәліметтермен қамтамасыз ету мақсатында, барлық акпараттарды бірынғай жүйеге жинау жұмыс барысын әлдекайда женілдетеді. Акпараттарды жинау, өндеу және тарату жұмыстары казіргі заманғы технологиялармен жабдықтала отырып оңай іске асатыны белгілі. Осындай маңызды мәселелерді алға тарта отырып, аумакты жоспарлау және дамыту жұмыстары үшін геоакпараттық жүйелерді колдану әлдекашан нарыққа енгізілген болатын.

Дипломдық жұмыс қала аумағын дамыту мен жоспарлау стратегияларын күру кезінде геоакпараттық жүйелерді қолдану мүмкіндіктерін қарастыруға және оларды көрнекі түрде көрсетуге негізделген.

Геоакпараттық жүйелер өзінде картографиялық және атрибутивтік деректерді қамтитын, жергілікті жерге байланысты географиялық координатталған деректермен жұмыс жасауға арналған технология болып табылады.

Жоспарлау немесе талдау сынды жұмыстарды атқару барысында маңызды құрал болып табылатын геоакпараттық жүйелер өзінде графикалық (картографиялық) және атрибутивті деректерді біріктіреді. Мәліметтердің кең көлемі ГАЗ жүйелерді тек қана жоспарлау саласында ғана емес, қарулы күштер, қауіпсіздік қызметі, медицина, сауда, тіпті бизнес салаларында жанжакты қолданылуда. Геоакпараттық жүйелер тек қана мамандандырылған салаларда ғана емес, қазіргі таңда қолданушылардың кең көлеміне қолжетімді. Сонымен қатар, билік органдарына халықпен көрі байланысты орнатуда да айрықша рөл аткарады. Мәселен, қалалардың карталарын, 3D көріністерін жариялау, халық сұранысы бойынша жер пайдалану картасын беру және т.б.

Жоспарлау жұмысы казіргі уақытта қолданыстағы жер телімдерін, ғимараттарды негізге ала отырып, талдау жұмыстарын жасауды қажет етеді. Талдау нәтижесінде қандай да бір құрылышқа немесе жоспарлауға қажетті ең қолайлы аумакты таңдау жұмысымен жалғастырылады. Мәліметтерді жүйеленген бір ортаға жинаумен қатар, әртүрлі құралдар көмегімен талдау, өндеу жұмыстарын жасауға мүмкіндік беретін геоакпараттық жүйелер жоспарлау және дамыту жұмыстары үшін таптырмас құрал болып табылады.

Дипломдық жұмыста белгілі мақсатта колдануға қажетті аумакты геоакпараттық жүйенің жоспарлау жұмысын орындаудагы мүмкіндіктерін пайдалана отырып, белгілі факторларға сәйкес анықтау көзделген.

1 Аумақты жоспарлау кезіндегі геоакпараттық жүйелер

Аумақты жоспарлау – мемлекеттік билік органдарының өкілеттілігін іске асыру барысында құқықтық құралдар құру арқылы аумақтың тұрақты дамуын, кала құрылышы кезінде адам өмірі үшін қолайлы және қауіпсіз жағдайды қамтамасыз ету, қазіргі және болашак үрпақ үшін табиғат ресурстарын тиімді пайдалану, сондай-ақ шаруашылық және өзге де істердің оған зиян тигізбеуін қадағалау шараларын қамтиды [1].

Жоспарлау азаматтар мен олардың бірлестік қажеттіліктерін қамтамасыз ету іс-шараларын құжат жүзінде анықтайды және бекітеді. Бүгінде аумақты жоспарлау халық шаруашылық кешендерінің дамыту жоспарлары мен бағдарламаларын, болжамдарын жергілікті жерде «аумақты байланыстыру» арқылы нактылаумен үштасып отыр.

Аумақты жоспарлау процесі барлық денгейдегі, яғни ұлттық объектілерден бастап жергілікті жерде, сондай-ақ жеке объектілерге қатысты аумақты тиімді жоспарлау деңгейлерінде жүзеге асырылады.

Аумақтық жоспарлау қала аумағының функционалдық қызметін келесі мақсаттар үшін анықтауға бағытталған:

- Қаланы тұрақты даму барысымен қамтамасыз ету;
- Өмір сүру үшін қолайлы жағдай қарастыру және құру;
- Келер үрпақ үшін тарихи, мәдени объекттерді сактау жұмыстарын қарастыру;
- Инженерлік, транспорттық және әлеуметтік салаларды дамыту;
- Елді мекендердің мақсатына сай инфрақұрылымын қалыптастыру.

Аталған мәселелерді шешу мынадай іс-шараларды іске асыруды қажет етеді:

- Бастапқы мәліметтерді (деректерді) жинау;
- Аумақтың қазіргі заманғы пайдаланылуы негізінде жоспарлау құрылымын көрсету, соның негізінде анализ жасау;
- Табиғи, антропогендік және қалалық факторлардың жалпы жағдайына сүйене отырып бағалау, сондай-ақ, белгілі бір мақсатка сай колдану үшін қолайлы аумақтарды анықтау;
- Функционалдық аудандастыру арқылы аумақты пайдалану сызбасын құру;
- Жалпы құрылышы, жерігілікті және дербес өнірлік инженерлік көздер мен желілер үлгілерінің негізінде көліктік және инженерлік инфрақұрылымды дамыту жоспарларын әзірлеу [2].

Аумақты дамыту және жоспарлауға қатысты ГАЗ қолданыланылатын негізгі салалар:

- Жер ресурстарын пайдалану, жер кадастрық есепке алу;
- Өндірістік инфрақұрылымды түгендеу, есепке алу және басқару;
- Кез-келген қолданбалы саларды такырыптық картографиямен қамтамасыз ету;

- Теніз картографиясы және навигация;
- Аэрофототүсірлім және картографиялау, сондай-ак әуе козғалысын баскару;
- Жер беті транспорттарын навигациялау және баскару;
- Жерді қашықтыктан зондтау;
- Табиғи ресурстарды баскару (су, орман және т.б.);
- Қоршаған ортаны баскару процесін модельдеу;
- Қоршаған орта мониторингі;
- Геология, минералды ресурстар және пайдалы қазбаларды өндіру;
- Тасымалдауды жоспарлау және баскару;
- Өнеркәсіптік, көлік құрылышы, сәулет, қала құрылышы және инженерлік ізденистер;
- Ауыл шаруашылығы және т.б.

Геоакпараттық жүйелер – Жер бетінде болып жатқан оқиғаларды, ондағы объектілерді зерттеуге, талдауға және картага түсіруге арналған заманауи компьютерлік технология болып табылады. Оған сұраныс беру және статистикалық талдау, карталарға қатысты географиялық талдау мүмкіндігі және жан-жақты көрініс сияқты дәстүрлі операциялар кіреді. Басқа акпараттық жүйелерден айырмашылығы ГАЖ белгілі бір құбылыстар мен оқиғаларды болжау және талдаумен, олардың негізгі факторлары мен себептерін, ықтимал салдарын анықтаумен, қолданбалы әрекеттерді жоспарлаумен, олардың салдарымен және стратегиялық шешімдер қабылдаумен ерекшеленді [3].

ГАЖ технологияларының пайда болуы аумактық жоспарлау сапасын біршама өзгертуі, атап айтсак кеңістіктік деректерді өндеу, олардың бакылау режимін жаңарту процесстерін онтайландыруды. Ол қала құрылышы жобаларында қоныстандырудан бастап, құрылыш жобаларын дейінгі барлық деңгейлерде кеңінен қолданылады [4].

Геоакпарат негізінде аумақта болып жатқан процесстерді бакылау және зерттеу жұмыстарын басқару үшін кеңістіктің әртүрлі модельдерін жасауға болады. Басқаруды жүзеге асыру үшін ең алдымен бұрын жасалған модельдердің сакталуы қажет, себебі ол келесі құрылатын модельдерге қатысты салыстыру арқылы жоспарлау процесінің тенденциясын анықтайды. Сондай-ақ, аумақтың қазіргі жағдайының және мүмкін болатын жобаларының модельдерін қажет етеді [5].

Жалпы, жоспарлаудағы барлық деңгейдің басты мақсаты аумақты барынша тиімді пайдалануды қамтамасыз ету болып табылады. Аумақты жоспарлау практикасы көрсеткендей, жоспарларды өндеу мен күнделікті қадағалауды жасаудың бірден-бір құралы геоакпараттық жүйелер екені айқындалады.

Геоакпараттық жүйелер - кеңістіктік координатталған деректерді жинау, сақтау, өндеу, көрсету және тарату функцияларын қамтитын ақпараттық жүйелер. Ондағы деректер векторлық, растрлық, квадраттық және басқа сандық көрсетілім түрлерінде сакталады. ГАЖ келесі аталатын қамтамасыз ету функциялары көмегімен жұмыс істейді:

- Бағдарламалық;
- Акпараттық;
- Кадрлық;
- Аппараттық;
- Нормативті-құқықтық;
- Ұйымдастырушылық.

Улken аумақты басқаруда билік органдарының акпараттық қамту процессін жетілдірудегі тиімді әдістерінің бірі акпараттарды бірегей кеңістіктік-координаттық негізге жинау болып табылады. Талдау нәтижесінде қажетті шешімдер қабылданады және құжаттар түрінде жарияланады. Құрылатын геоакпараттық база аумақтың негізгі қабатын, тақырыптық векторлық қабатты, электронды топографиялық және тақырыптық картасын, елді-мекендердің жобаларын, фотокарталар мен фотопланарларды, жергілікті жер мен объектілердің үш өлшемді модельдерін қалыптастырады [6].

Көптеген үйымдардың бастапқы деректері, сондай-ақ графикалық құжаттар әртүрлі картографиялық негізде сыйба түрінде беріледі. Сондыктан да ГАЗ технологиялары оларды бірыңғай картографиялық негізге біріктіруге мүмкіндік береді. Онда жоспарлау барысында деректерді нақтылап және жаңартса аламыз, сондыктан қажетті аумақта шынайы мониторинг жүргізуге болады [7].

Геоакпараттық жүйелер сияқты жаңа технологияларды дамыту аумақтарды тиімді жоспарлауды едәуір дәрежеде арттыруға мүмкіндік береді. Сәйкесінше аумақтардың сапалы дамуы халықтың өмір сұру сапасына, өнеркәсіптік даму деңгейіне өз септігін тигізеді. Бағытысы бұл салалар өзара байланысты.

1.1 Геоакпараттық жүйелер

Геоакпараттық жүйелер (ГАЗ) – кеңістіктік координатталған деректерді жинауға, өндеуге, көрсету және таратуға, сонымен қатар, модельдеу, жобалау сынды ғылыми және қолданбалы салалардағы мәселелерді шешуге арналған технология болып табылады. Ол басқару құралы деп атасақ кателеспейміз. ГАЗ географиялық акпараттар негізінде шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Акпаратты өндеуге арналған басқа құралдарға қарағанда ГАЗ объекттердің орналасу орнын түсінеді, өйткені ол координаталарды картага байлауға, графикалық түрде басқару шешімдерін қабылдауға негізделеді.

Қазіргі танда адам өмірі мен қызметінде айтарлықтай маңызды рөл ойнауда. ГАЗ-дың бұndай сәттілігін оның қын мәселелерді ГАЗ көмегімен шешу, адамың күнделікті өмірінің бөлігі болатын кеңістіктік деректермен жұмыс, барлық қолданушыларға бірдей қолжетімділігі мүмкіндіктері арқасында орын алып отыр [8].

ГАЗ өте көптеген аналитикалық мәселелерді шешу кезінде қолданылады. Мысалы, кадастрық кварталдарды күру, занды мәліметтеріне және орналасу орнына байланысты жер телімдеріне жаңа кадастрық номір беру және т.б. Қазірге танда ГАЗ жергілікті билік, кадастрық қызмет, қоршаған органды корғауды бақылау мекемелерінде, жедел қозғалу (жедел дең кою)

қызметтерінде және т.б. кеңінен қолданылады.

ГАЖ қолдану мүмкіндіктеріне қарай бірнеше түрге бөлінеді:

1. Функционалды мүмкіндіктері жағынан;
2. Құрылым принципі бойынша жабық және ашық жүйелер;.
3. Аумақтық қамтуы бойынша:
 - Глобальды; - Жалпыұлттық;
 - Мемлекеттік; - Аумақтық;
 - Жергілікті;
4. Шешетін мәселері бойынша:
 - Экологиялық; - Инженерлік;
 - Мұліктік; - Инвентаризацияланған;
 - Салалық (геология, орманды қолдану, туризм және т.б.);
 - Тақырыптық және статистикалық картографиялау үшін.
5. Тақырып (тематика) бойынша:
 - Әлеуметтік-экономикалық; - Кадастрылық; - Туристтік.
6. Кеңістіктік деректерді ұйымдастыру әдістері бойынша: векторлық; растанарлық, гидрибті немесе интегралды.
7. Масштабы бойынша: кіші, орта және үлкен масштабты [9].

ГАЖ функциялары және артықшылықтары:

- Арнайы және жалпы географиялық деректерге кеңістіктік анализ жасау;
- Геокеңістіктік моделдеу;
- Геоаппараттарды дайындау және жинау, модельдеуге қажетті бастапқы деректерді алу;
- Визуализация – кеңістіктік анализ нәтижелерін қабылдау және бақылау

- ГАЖ-да ерекше орын карта құру алады. Карта құрудагы бастапқы деректер ретінде қағаз түрдегі карталар, қашықтықтан зондтау деректері, жергілікті жердегі түсірілім және ғарыштық суреттер қызмет етеді. ГАЖ көмегімен карта құру барысында координатталған деректерді енгізуге және өндеге, әртүрлі атрибутивті және геометриялық деректер енгізуге, деректерді уақытылы өзгерту және толтыруға, картаны сапасын құртпай баспаға шығаруға болады [10].

Жүйе географиялық акпараттармен жұмыс істеудің бірнеше түрін қарастырады. Атап өтетін болсақ, деректер базасы, геовизуализация және геоөндеу. Деректер базасы - жалпы ГАЖ модельдерінің географиялық акпараттарын қамтитын кеңістіктік база. Геовизуализация жер бетіндегі кеңістіктік объектілер мен олардың арасындағы байланысты көрсетеді. Ал геоөндеу бар деректерден жаңа географиялық деректер жиынтығын алуға қажет құралдар топтамасы.

ГАЖ-дың ең басты бөлігі деректер болып табылады. Деректер ғылым және адам өмірінің басқа салаларында қолдану үшін белігілі форматта келтірілетін факттар мен мәліметтердің жиынтығы болып табылады.

Көпфункционалды ГАЖ өзіндегі құралдарды қолдана отырып, қарапайым

деректер қабаттарын басқару жұмыстарын қамтамасыз етеді. Ал ондағы қабаттар әртүрлі мекемелерден алынған болуы әбден мүмкін. Сондықтан ГАЖ деректері қолданыста қарапайым, түсінуге онай, басқа деректер жиынтығымен үйлесімді, тиімді жинақталған және бағаланған, сондай-ақ, жоспарлы қолдану мен толтыруға түсінікті құжаттармен қамтамасыз етілуі тиіс [11].

Геоакпараттық жүйелер Жер бетін және ондағы объектілерді зерттеуге арналған таптырмас құрал болып табылады. ГАЖ қолдану салалары күннен күнге кеңеюде. Қолдану салалары:

- Қарулы құштер және құқық қорғау органдары;
- Ғылыми-зерттеу ұйымдары;
- Жылжымайтын мүлік объектілері кадастры;
- Басқару органдары;
- Жедел медициналық көмек;
- Құтқару қызметі;
- Экология;
- Бизнес;
- Білім беру мекемелері;
- Жеке меншік шаруашылықтар және т.б.

Геоакпараттық жүйелер сұраныстарға жауп алу уақытын қыскартуға, шұғыл жағдайлар мониторингін жүргізуге, қажетті іс-шараларға сай келетін аумақты, әртүрлі параметрлер арасындағы байланысты анықтауға мүмкіндік береді. Осылайша ГАЖ көптеген мемлекеттік және жеке қызмет орындарының жұмыс тиімділігін арттырады.

Улken әрі киын аумактарды басқару мамандандырылған адамдарды ғана емес, сонымен қатар, басқару процесінің ақпаратпен жақсы қамтамасыз етілуін талап етеді. Қала процесі немесе жүйесінде нақты әрі тиімді шешімдерді шешу ақпаратты қажетті өндөу және ақпарат көлемін талдау негізінде жүзеге асады. Сондықтан ГАЖ жүйелер тиімді жұмыс істеу үшін аппараттық құралармен жабдықталуы тиіс. Аппараттық құралдар желілік жабдықталған компьютер немесе компьютерлер жиынтығы.

1.2 Қала құрылышында пайдаланылатын геоакпараттық жүйелер

Аумақтың дамуын тиімді жоспарлау болашақ үрпақ алдындағы үлкен жаупкершілік, өйткені жоспарлау қазіргі уақытта ғана емес болашақта да қолданыста болу қажет аумакты жоспарлау алғышартын алға тартады. Қажетті ғылыми негізде жетік жоспарланбаған кеңістіктік ұйымдастыру аумакқа әртүрлі сипаттағы үлкен шығындар алып келеді.

Қалалық немесе аумакты жоспарлау кезінде барлық әсер ететін факторларды: халықтың саны мен тығыздығы, оның экономикалық жағдайы, елді-мекен, коршаған орта мен аумактың экологиялық жағдайы, транспорттық желі, объекттердің кеңістіктік орналасуы, инженерлік коммуникациялар және

т.б. есепке алу қажет.

Әр елді-мекен құрылыш компоненттерінен – ғимараттар, құрылыштар, жол және т.б. тұратын көгалдандырылған аумақ болып табылады. Сәйкесінше олардың барлығы заңды түрде бекітілуі қажет. ГАЖ объектісі ретінде тұтас елді-мекен, сондай-ақ аудан немесе жеке қала құрылышы элементі, мысалы, көгалдандыру аумағы болуы мүмкін [12].

Қаланың бас жоспарын архитекторлар тағайындайды, бағалайды және аумақ балансы цифrlары мен күтілетін шығын мен пайданы есептеу мақсатында жобаларды басқарма өкілдері мен экономисттер қадағалап бекітеді. Бас жоспарда құрылыштар салынған және салыну жоспарланған түрлі түстермен көрсетіледі. Одан кейін аумақтың түсіндірме жазбалармен егжей-тегжейлі жоспары жасалады және кеңістіктің толыққанды моделі құрылады.

Қала құрылы кезінде ГАЖ қолданудың артықшылықтары:

- Жақсартылған көрініс – карталарға жақсы колжетімділік және көрініс, сондай-ақ оларды сактаудағы шығынның азаюы;
- Ақпаратты іздеу тиімділігін арттыру;
- Жоспарлау үшін маңызды географиялық ақпараттарға тез әрі үлкен ауқымды колжетімділік, сонымен қатар жоспарлаудың әртүрлі нұсқаларын қарастыру мүмкіндігі;
- Жақсартылған талдау жұмыстары және қызметтер.

ГАЖ-ды қала құрылышын қоса алғандағы салалық қолданудың бірнеше түрін қарастыра аламыз:

- Әкімшілік-аумактық басқару: қала құрылышы және объектілерді жобалау; қала құрылышы, жер, инженерлік және кадастрық қызмет көрсету; төтенше жағдайларды болжау; көлік ағыны мен қала көліктерін басқару; экологиялық мониторинг желілерін құру және т.б.;
- Инженерлік коммуникациялар: сумен жабдықтау және көріз желілерінің қажеттіліктерін бағалау, инженерлік коммуналдық шаруашылық желілеріндегі табиғи апаттардың салдарын модельдеу және инженерлік желілерді жобалау, т.б.;
- Көлік инфрақұрылымын басқару және дамыту, жол қозғалысын басқару, маршруттар мен жұк ағындарын бір сарынға келтіру.

Өмір ағыны күн сайын өзгеруде, сәйкесінше аумақты зерттеу, жобалауға қатысты дәстүрлі жұмыстар қазіргі жаңа технологиялармен алмастырылуда, мәселен, 3D модельдеу және есептеу жүргізетін арнайы кешенді бағдарламалар. Алгоритмдер киындау түсті, дегенмен нәтижелер жоғары дәлдікті мәліметтер алуға мүмкіндік береді.

Қала моделі лазерлік сканерлеу технологиясы көмегімен жасалатын жер беті және жер асты инфрақұрылымдарын қамту қажет. Ол үшін әуе және жер асты лидарлы түсірістері қажет [13].

Қала құрылышы – жобалаудағы және қала аумағын біртіндеп дамытудағы практика мен теория жиынтығы. Ал ГАЖ талдауға, біріктіруге, өндеуге, нәтижені көрсетуге арналған және өзінде географиялық деректерді қамтитын құрал болып табылады.

Қала құрылышы жоспары оны басқару объектісі ретінде сипаттайтын маңызды дерек көзі болып табылады. Ақпараттық жүйе, құрылымның күрделілік дәрежесі және ақпарат көлемі басқару объектісінің күрделілік деңгейі мен масштабына сәйкес болуы қажет. Қала жоспары модельдерін жасау қалалық ортаның қазіргі және болашақтағы жоспарлы жағдайына, демографиялық, әлеуметтік, экономикалық, экологиялық және қала құрылышы процесстеріне негізделе отырып жасалады. Сондай-ақ, бұрын жасалған жоспарлық және жобалық жұмыстардың талдауы қажет [14].

Барлық жергілікті қала құрылышы жобаларында мынадай карталар жасалады:

- Жергілікті аумақтың қазіргі пайдалануы;
- Аумақтың кешенді бағалануы;
- Жобалық жоспар (негізгі сыйба);
- Қалалық бас жоспардағы жергілікті жердің орналасуы;
- Көлік қатынасы сыйбасы [15].

ГАЖ көмегімен қала құрылышының дамуы мен оның каркынын және қалалық аумактардың қала құрылышын дамытуға жарамдылығын анықтап, талдай аламыз. Модельдеу және талдау құралдары ретінде ГАЖ-дың кеңістіктік деректер базасы қолданылады.

Қала құрылышын жоспарлауда қамту саласына, зерттелетін ауданның өлшемі мен мақсатын байланысты ГАЖ көптеген әдістері қолданылады. Одан бөлек ГАЖ-да модельдеу мен интерполяция, карталарды қосу, буферлеу және кеңістіктік координаттау жұмыстарын құрайтын кеңістіктік анализ функциялары бар.

Қала жоспарында құрылыш әртүрлі кезеңдер мен деңгейлеріне байланысты өзгеріп отырады. Жоспарлаудың әр деңгейіне сәйкес бірнеше кезең қарастыралады:

- Модельдеу және болжau;
- Жоспарлаудың балама нұсқаларын бағалау;
- Мониторинг;
- Жоспарлардағы өзгерістерді тағайындау және жүзеге асыру.

Жоғары рұқсатты бағалау қажет болған жағдайды векторлық деректердің қолданған абзal, мысалы аймақтық жоспарлау кезінде. Алайда, векторлық деректер аумақтың жарамдылығын талдауга көп қолданылмайды.

Аумақтың өзгеруін анықтауға мүмкіндік беретін Жерді қашықтықтан зондау деректері, деректер базасына енгізілген ақпараттар ГАЖ шегінде өндөледі, сақталады және бағаланады. Сонымен катар, ГАЖ ортасында қаланың дамуына септігін тигізетін бірден-бір себептері халық санының және қаланың экономикалық өсу көрсеткіштерін модельдеу мүмкіндігі бар. Модельдеуді графикалық түрде көрсетіп, шешім қабылдайтын тұлғалармен байланысты женілдетуге болады. Шешім қабылдау политикалық сипатта болғанына қарамастан ГАЖ деректерінің ұсынылуы шешім қабылдауға өз септігін тигізуі әбден мүмкін.

ГАЖ тиімділігін арттыру үшін ақпараттарды басқару жоспарының белгі

болатын үйымның ресурстарын есепке алу, барлық үйымдардағы адамдарды акпарттық технологияларға бейімдеу, үйымдастырушылық және экологиялық тұрактылық деңгейін көтеру сынды шарттар қарастырылады [16].

Қалалық жоспарлауда кеңістіктік анализ бер дөректерді басқару кеңінен таралған. Кеңістік анализ стратегиялық жоспарлауда, дөректерді басқару және оларды визуализация жасау жалпы басқару жүйесінде қолданылады.

Кеңістіктік талдау және визуализация кеңістіктік статистикалық талдау, жер телімін таңдау, жоспарлау әрекеттері аймағын анықтау, жердің жарамдылығын талдау, жер пайдаланудың өзгеруін модельдеу және оның әсерін бағалау сынды жұмыстар кезінде қолданылады.

ГАЗ-дың функциялары кеңістіктік анализ және дөректерді басқарумен қатар жер пайдалануды есепке алу кезінде қолданылады. Мысалы:

- Картографиялау және такырыптық көрініс;
- Жоспарлауды қолданбалы өндіреу;
- Гимараттарды басқару үшін қосымшаларды өндіреу;
- Жер пайдалануды басқару;
- Жер телімдері мен құрылыштардың болуын талдау;
- Өндірістік, коммерциялық және сауда аландарын есепке алу;
- Коршаған ортаға әсерін бағалау;
- Ластанған және қараусыз қалған участкерді анықтау;
- Демалыс және ауыл объектілерін үйымдастыру;
- Экологиялық және экономикалық әсер етуді бағалау;
- Су жинау объектісінің көлемін және қоғамдық объектілердің болуын талдау;
- Әлеуметтік саланы талдау [17].

Қалалық жоспарлау тәрізді жауапты іс құрылыш және жобалау мамандары мен білікті технология саласының мамандарының бірігіп жұмыс істеуін қажет етеді. Осындай қажеттіліктер салдарынан туындаған ГАЗ алға тартып көрсете аламыз. ГАЗ жобалау жұмыстарын атқаратын мамандармен акпараттарды жинақтаудан бастап, оларды талдау және синтездеу, сонымен қатар, жобалық шешімдеді әзірлеу кезеңдеріне дейін қолданады.

Жобалау жұмыстарының бірінші кезеңі бастапқы дөректерді жинау және олар ГАЗ ортасына енгізуден тұратын мемлекеттік және аумақтық деңгейдегі қала құрылышы құжаттамаларын әзірлеуден басталады. Бастапқы дөректер деектер базасында қабаттар тобы және әр қабатқа сәйкес атрибутивтік мәліметтер ретінде беріледі. Бірінші кезеңнің нәтижесі ГАЗ ортасында құралған бастапқы дөректер базасы болып табылады.

Екінші кезеңде бастапқы дөректерді талдау жұмыстары жасалады. Әр кеңістіктік объект және оның сипаттамалары бағаланады. Объекттерді саралу және оларды классификациялау, объекттердің әртүрлі санаттарының кеңістіктік дамытуға әсер ерту деңгейін анықтау, бастапқы дөректер негізінде қосымша көрсеткіштерді анықтау және алдағы уақытта синтез жасау үшін қосымша объектілерді құру сынды жұмыстар атқарылады.

Ушінші кезеңде анықталған әртүрлі объекттердің кеңістіктік дамуға әсер

ету деңгейін есепке ала отырып, бастапқы деректердің келтірілген алгоритмі бойынша біріктіру болжамын көрсететін деректер синтезі жасалады. Синтез нәтижесі картада белгілі жобалық шешім немесе сәйкес тематикалық жобалаудағы аумақтың көрсетілген сипатамалары жиынтығы үшін қолайлы беттер ретінде көрсетіледі. Бұл кезеңде геоакпараттық деректер базасы синтез процесси барысында оның нәтижелерін көрсетуге қажетті қосалқы объекттермен толықтырылуы мүмкін.

Төртінші кезеңде жобалық шешімдер құрастырылады. Қойылған тапсырма мен заманауи сұраныстарға байланысты жобалаушы талдау жұмыстарынан кейін, жобалық картада көрсетілетін жоспарланған жоба шешімін жасайды. Бұл кезеңде геоакпарттық деректер базасы жаңа объектілермен және сол объектілерге сәйкес артибутивті деректермен толықтырылады [18].

1.3 Алматы қаласында қала құрылышында ГАЖ жүйелерін қолдану тарихы

Геоакпарттық жүйелер Қазақстанда ақпараттық технология ретінде шамамен 25 жыл бұрын қолданыла бастады. ГАЖ-дың негізгі міндепті картадағы объекттерді деректер базасымен байланыстыру, кеңістіктік және сипаттамалық белігілері бойынша деректерді көп қырлы талдау мен жіктеуді қамтамасыз ету.

Қазіргі таңда Қазақстан геоакпараттық жүйелер көптеген ұйымдарда геодеректерді жинауға және өндеуге арналған желілік технологиялар сияқты қарқынды дамуда. Қазақстан ГАЖ-і мемлекеттік басқару және экономиканың көптеген салаларында қолданылуда: жер кадастры, геология, көміртек және басқа да пайдалы қазбаларды өндеу, мұнайды тасымалдау және қоғамдық қауіпсіздік, қала құрылышы, орман шаруашылығы, мемлекеттік басқару және т.б.


ГАЖ жүйелер қолданылатын кейбір ұйымдарды атап өтсек:

- Мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесі (МЖК ААЖ). Қазақстанда ГАЖ енгізудің бірінші ауқымды әрекеті болды. Жүйе КР жер ресурстарын басқару бөлімшелерінің жұмыстарын автоматтандыруға арналған.
- ГАЖ «Интерактивті карта». КР ИДМ геология және жер қойнауын пайдалану комитетіне арнап әзірленген келісімшарттық аумақтардың географиялық ақпараттық жүйесі.
- Нұр-сұлтан қаласының геоакпарттық жүйесі. ГАЖ қаланың даму тенденциясын зерттеу және реттеу, басқару шешімдерін қабылдауға арналған акпарттық-аналитикалық құралдарды құрайтын, барлық ұйымдар мен картографиялық ақпараттарды бірыңғай ақпараттық ортаға жинайтын Нұр-сұлтан қаласының автоматтандырылған ақпарттық жүйесін болып табылады [19].


Алматы қаласының геоақпарттық жүйелері қаланың орталықтандырылған бірыңғай картасы мен онымен жұмыс жасайтын құралдарынан тұрады. ГАЖ шешім қабылдау үшін ақпарттарды көрнекі түрде көрсету, қала өмірінің қын процесстерін басқару тиімділігін арттыру және қала картасы өзектілігін сактау мақсаттарында қолданылада. Атапған тапсырмаларға сәйкес Алматы қаласының Web-ГАЖ жасау жобасы қолға алынды (1.1-сурет).

Web-ГАЖ геоақпараттық ортада жасалған кеңістіктік картографиялық сыйба негізінде Алматы қаласының функционалдық және аумақтық әкімшілік органдары жұмысын қамтамасыз ететін ақпараттық кіші жүйелер жиынтығын құрайды.

Алматы қаласының жалпы жоспарында жекеленген объекттерді қарап қана қоймай, сонымен қатар сол объектілер бойынша жалпы сипаттамалық ақпарттарды алуға болады. Қарапайым халықта ыңғайлы болу үшін әртүрлі қызмет көрсететін үйымдар, медициналық, білім беру және басқа да мекемелер байланыс ақпараттарымен де толықтырылады (1.2-сурет).



1.1 Сурет – Картаның тақырыптық қабаттарын веб-өндеу



1.2 Сурет – ГАЖ және қаланың көрікті жерлерін көрсететін сайттарының біріктілізуі

Қала құрылышы кадастры негізінде келесі мынадай мәліметтер жатыр:

- Аумақтық жоспарлау;
- Жерді пайдалану мен құрылыш ережелері;
- Аумақты жоспарлау бойынша құжаттамалар;
- Инженерлік ізденістер нәтижесінде табиғи және техногендік шарттардың зерттелуі;
- Мемлекет мұқтажы үшін жер телімдерін тартып алу немесе резервтеу;
- Геодезиялық және картографиялық материалдар.

Алматы қаласы ГАЖ іске асыру шараларының негізгі оң нәтижелері ретінде мыналарды атап өте аламыз:

- Қаржылық тұрғыда – қала аумағында жүргізілетін қосымша жұмыстарға шығындарды азайту;
- Қала аумағында жоспарланып отырған іс-шаралармен халықты хабарландырып отыру;
- Халықтан көрі байланыстың күшеюі;
- Жөндеу жұмыстарын жүргізу есебінен қоғамдық және жеке көлік қатынастарын онтайландырып, бір сарынды ету;
- Алматы қаласы туралы өзекті және сенімді ақпарат ұсыну;
- Қала ауданының әлеуметтік даму мәселелерін нақты және дәл анықтау.

Қала құрылышы кадастрының ГАЖ-ы негізгі екі бөліктен тұрады: картографиялық және атрибутивтік (1.3-сурет). Картографиялық ақпараттар әртүрлі масштабтағы топографиялық карталар мен пландар жиынтығы ретінде қарастырылады. Ал атрибутивті деректер базасы аумақтың жағдайы туралы, оның қолданылуы және пайдалану регламенттерін құрайды [20].




1.3 Сурет – Аумақты жобалау және зерттеу сыйбалары.

Қала құрылышы үшін ГАЖ келесідей маңызды мәселелерді шешеді:

- Графикалық, мүліктік және жер қатынастарын басқару бөлімінде, ақпараттарды жинау, сақтау, өндеу және іздеу жұмыстарын автоматтандыру;

- Мемлекет меншігіндегі жылжымайтын мүлік, барлық жер телімдері туралы құжаттамалық мәліметтерді біріктіру және жүйелеу;
- Әрүрлі құқықтық негізде үшінші тұлғаларға берілген жер телімдері мен жылжымайтын мүлік объектілерінің сақталуы мен мақсатты пайдалануын қадағалау;
- Мұдделі тұлғалардың сұраныстары бойынша жылдам өндөу жұмыстарын жасау;
- Әртүрлі ұйымдардан алынған шашыраңқы мәліметтер негізінде дұрыс емес және негіzsіз шешім қабылдау қаупін азайту;
- Құрылыш мониторингі;
- Жол-көлік инфрақұрылымы мониторингі;
- Аумақты абаттандыру жұмыстары;
- Аумақың картографиялық негізін жаңарту және т.б. [21].

ГАЖ қолданудағы айрықша жетістіктердің бірі 2018 жылы орын алды. Дәл осы жылы Алматы қаласы бойынша үш өлшемді геоакпарттық жүйесі іске қосылды (1.4-сурет).



1.4 Сурет – Алматы қаласы қара құрылышы және архитектура басқармасы ұсынған Алматы қаласының үш өлшемді көрінісі

Жүйе Алматы қаласы бойынша құрылышшылар мен жобалаушыларға барынша болжамды құрылыш жұмыстарын жасауға мүмкіндік беретін 3D картады құрайды. Картада ғимараттар мен құрылыштар 30 см-ге дейінгі дәлдікпен құстың ұшу биіктігінен 1:200 масштабта көрсетілген [22].

Қазіргі таңда қаланың 3D моделін құру лидарлық түсірістерді, сандық аэротүсіріс және фотограмметриялық технологияларды қолдану арқылы жүзеге асады (1.5-сурет).



1.5 Сурет – Алматы қаласы аумағының 3D моделі

3D анализ жасаудағы қалалық инфрақұрылым элементтері:

- Қала құрылышы:

- Қала құрылышы шешімдерінің мониторингі;
- Болашақ қаланы жобалау, көрсету және бағалау;
- Телекоммуникациялық жобалау.

- Төтенше жағдай кезіндегі іс-шараларды жобалау:

- Экологиялық жағдайды бағалау нәтижелерін көрнекі түрде ұсыну.

- Көлік құрылымы:

- Көлік жүйесін дамыту мүмкіндіктерін талдау;
- Жол қозғалысын ұйымдастыруды жобалау [23].

Алматы қаласы бойынша аумақты дамыту және жоспарлау жұмыстарымен толыққанды танысу мақсатында «Алматы қаласы қара құрылышы және архитектура басқармасына» барған болатынмын (1.6-сурет).



1.6 Сурет – Алматы қалалық «Сәулет-қала құрылышын жоспарлау және урбанистика» бөлімі

Аумақты дамыту және жоспарлау жұмыстарымен «Сәулет-қала

құрылышын жоспарлау және урбанистика» бөлімі айналысады (1.7-сурет).

Жұмыс ең алдымен геодезисттердің әкпаратымен, яғни топографиялық түсіріспен қамтамасыз етуден басталады. Қажетті аумаққа қатысты далалық жұмыстар жүргізіліп, құрылыш жасалатын аумақтың сыйбасы жасалады. Сызба AutoCAD бағдарламасында жергілікті координата бойынша дайындалады.

Сәулет-қала құрылышы бөлімінде бас жоспар бойынша салыстыру, талдау жұмыстары жасалып, геодезисттер ұсынған сыйба бойынша аумақты жоспарлау жұмысы басталады. Жұмыс барысында егжей-тегжейлі жоспарлау сыйбасы жасалады.

ГАЗ қолданысқа енгізілген алғашқы уақыттарда бөлім ArcGIS бағдарламалық жасақтамасын қолданған болатын. Қазіргі таңда барлық деректер мен қабаттар MapInfo бағдарламасында сақталып, өндөледі.

Халық мұддесі үшін немесе басқа қолданушылардың сұранысы бойынша архитектураға өтініш келіп түскен жағдайда сұратылып отырған аумақ бойынша мәліметтер халыққа ұсынылады. Алайда Алматы қаласы бойынша түгел бас жоспарды ашық түрде жариялауға тыйым салады.

ГАЗ құралдарын қолданудан бөлек, қала құрылышын жобалау кезінде далалық жұмыстар да негізге алынады. ГАЗ жүйелерде келтірілген мәліметтер сенімсіз немесе жалған болған жағдайда, жоспарлатын аумаққа барып зерттеу жұмыстарын жасайды. Жұмыс барысында аумақта қандай объекттер бар, олардың жағдайы, жоспарлаудың мүмкін болатын нәтижесі мен салдарлары қарастырылады. Дайын болған жоба архитектура басшысы мен қала әкімдігімен бекітіледі.



1.7 Сурет – Қалалық жоспарлау жұмыстары барысымен танысу

2 Зерттеу ауданы туралы қысқаша ақпарат




2.1 Сурет –
Алматы қалалық ло-
готипі

Алматы қаласы республикалық маңызды қала болып саналады, сондай-ақ ол Қазақстан Республикасының ең ірі елді-мекені болып табылады (2.1-сурет). Алматы 1927 жылдан бастап Қазақ АСРР-нң астанасы болып тағадайындалды. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін астана қазіргі Нұр-сұлтан қаласы болып ауыстырылды. Алайда еліміздің ең ірі мәдени және экономикалық орталығы мәртебесін сақтап қалды (2.2-сурет). Алматы қаласы 8 ауданға бөлінген:

- Алатау;
- Бостандық;
- Алмалы;
- Жетісү;
- Әуезов;
- Медеу;
- Наурызбай;
- Тұрксіб аудандары [24].

2021 жылғы деректер бойынша Алматы қаласының тұрғын саны – 1 977 011 адамды құрап отыр [25].



2.2 Сурет – Алматы қаласының панорamasы

2.1 Геоморфологиялық жағдайлар және топырақ жамылғысы

Алматы қаласы республикамыздың өңтүстік-шығыс бөлігінде, Тянь-Шань жотасының солтүстік беткейінде Іле Алатауын жағалай орналасқан.

Алматы қаласының топырақ жамылғысы Іле Алатауының аймағына қатысты әртүрлі болып келеді. Ол биіктікің өзгеруіне және табиғи-климаттық аймақтар мен белдеулерге байланысты, сәйкесінше топырақ жамылғысы да, өсімдік әлемі де әркелкі таралады.

Медеу шатқалынан бастап қарастыратын болсақ, бұл аймақ таулы шалғынды-орманды аймаққа жақын орналасқанына қарамастан, жетлікті ылғалды қара топырақ және қара-сұр топырақтардан тұрады. Тау етегінде қара, қою қоңыр (каштан) сынды топырақ түлері кездеседі.

Қара топырақ Әл-Фараби даңғылынан Таусамалы ауылына дейінгі аумакты алып жатыр, бастысы толық дамыған профильді болуына байланысты

ең құнарлы топырақтардың бірі болып табылады. Ең алғаш Тянь-Шань аумағын зерттеген ғалымдар ерекше мәдени немесе бау-бақша белдеуін атап көрсетіп, Алматы қаласының ерекше символына айналған алматылық апорт (алма сортын) өсетіндігін мәлімдеді.

Әл-Фараби даңғылынан төмен Райымбек даңғылына дейінгі аумак - коңыр топырақты. Ал қаланың солтүстік бөлігі жер беткейінің әртүрлілігімен ерекшеленеді. Бұл аумак тау бөктерінде шөлді жазық, тау етегі көлбеу жазыққа көшу аймақтарында жер асты сулары бар жолақ бөлінеді және мұндағы топырақ жамылғасы көптеген дақылдарды өсіру үшін құнарлы шалғынды коңыр, шалғыны сұр болып келеді [26].

2.2 Климаттық жағдайы

Алматы қаласының климаты континентті болып келеді, сонымен қатар, мұнда таулы аймақтарда жел байқалады. Сәйкесінше температура құбылмалы, өсіресе таулы аймақтардың жазыққа өту жерлерінде өзгеріске бейім. Мегаполистің оңтүстік бөлігінде мұздықтардың жақын орналасуы сезіледі (Медеу аумағы). Алайда еліміздің солтүстік және орталық елді-мекендеріне қарағанда Алматы қаласының климаты әлдеқайда жұмысқа [24].

Ауаның орташа температурасы $+10^{\circ}\text{C}$, ең сұық кезең қаңтар айында $-4,7^{\circ}\text{C}$, ең жылы уақыт шілде айында $+28,3^{\circ}\text{C}$ құрайды. Ауа-райының салқын кезеңі әдетте қазан айынан сәуір айына дейін жалғасады. Нақты сұық орнайтын мезгіл желтоқсан-қаңтар айлары аралығын қамтиды . Жылына орта есеппен 600-650 мм жауын-шашын түседі [26].

2.3 Гидрография

Алматы қаласы табиғи көлдер мен өзендер және олардың салалары, каналдар мен су қоймалары сынды кең гидрографиялық желісімен ерекшеленеді. Қала аумағында Үлкен және Кіші Алматы өзендері ағып өтеді, сондай-ақ салалары – Есентай (Весновка), Ремизовка, Жарбұлақ, Қарасу.

Қаланың барлық өзендері селге қауіпті және олардың барлығы Балқаш көлінің түйік ағынды бассейніне жатады. Олардың сулары өндірістік, шаруашылық және қаланың рекреациялық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қолданылады. Негізінен бұл өзендер табиғи жауын-шашынмен қоректенеді, ал су тасқыны жоғары температура немесе мұздықтардың қарқынды еруі себептерінен болады [27].

Алматы қаласы гидрографиясының тағы бір ерекшелігі – арықтардың көптігі. Көптеген адамдар бұл арықтар жүйесін қаланың дренаж жүйесінің бөлігі деген қате пікірде. Расында, бұл арықтар саябақтар мен аландарды ылғалмен қамтамасыз ету мақсатында қолданылады [24].

2.4 Өсімдіктер мен жануарлар әлемі

Алматы қаласының жануарлар әлемі көзге көрінетін ауқымнан әлдекайда көлемді. Өйткені көптеген жануарлар адам аяғы баспайтын аумақтарды мекендейді.

Алматы қорығы негізінде қарастыратын болсақ, таулы және орманды аймақтарда, жазықтар мен альпілік шалғындарда жануарлар әлемінің біршама өкілдері кездеседі. Жалпы қорықта жануарлардың 195 түрі мекен етсе, олардың 37-сі сүтқоректілер. Мұнда Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген кездесетін жануарлар да бар. Олар:

- Қоңыр аю;
- Тау сусары;
- Тау қойы;
- Түркістан сілеусіні;
- Қар барысы;
- Манул.

Шыршалы орманда Тянь-Шань аюлары, орман және альпі аймақтарында қасқыр, тұлқі, жабайы қой, борсық, қарақұйрық, суыр, еліктер мен маралдар мекендейді.

Құстардың 200-дей түрі үя салады. Құстар арасында да Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген келесідей құстар кездеседі:

- Көк құс;
- Шахин;
- Орақ;
- Филин;
- Перегрин сұңқар;
- Ергежейлі бұркіт.

Қылқан жапыракты орнандарда орман үкісі, қарға, самырсын құсы, қаршыға, бозторғай сынды құстар мекендейді [28].

2.5 Ауданның шаруашылық және экономикалық игерілуі

1990 жылдардың басына дейін қала тамақ өндірісі, жеңіл және ауыр өнеркәсіпперге негізделген болатын. Кеңес одағының тарауынан кейін елде шет елдермен байланыс орнатылып, сауда бағыты дами бастады. Алғашқы уақытта өндіріс саласында аяқта тұру қыын болғанымен, 1997 жылдан бастап ипотекалық құрылыш қарқынды дамуға көшті. Нәтижесінде Халық, Қазкоммерцбанк, Kaspi және басқа да ірі банктердің штаб-пәтерлері қалыптасты.

Алматы қаласында көптеген бағытта көлік қатынасы, теміржол, автокөлік және әуе жолдары дамыды, сонымен қатар қала ішілік метрополитен құрылышы жүзеге асты [26].

Бүгінгі күнде Алматы қаласы еліміздің ең ірі мегаполисі болып табылады. Көптеген жылдар бойы Алматы қарқынды дамушы, өмір сүру мен жұмыс жасауға ыңғайлы экономикалық, мәдени және білім орталығы болып келеді. Қалада тамақ өнімдері, жинақ, резенке және пластмасса бұйымдарын өндіретін өнекесіп орындары дамыған. Осы салаларда қаланың 70% мамандандырылған. Одан бөлек metallurgия және машина жасау салалары да қолға алынған. Электр және газбен қамтамасыз ету жақсы қарастырылған [29].

3 Жерді пайдалануды жоспарлау сценарийлері және 3D-де визуализация орындау

Жерді аумақтық жоспарлау жер ресурстарын басқаруда үлкен рөл ойнайды. Қала аумағын абаттандыру, әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін орналастыру, көлік және инженерлік құрылыштарды, оның ішінде тұрғын үй, өнеркәсіптік және ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын орналастыру аумактық жоспарлау жұмыстарын сәйкес жүзеге асырылады.

ГАЗ пайда болуымен жерді пайдалануды жоспарлау әлдекайда жылдам әрі жеңіл бола түсті. Өйткені, ГАЗ көмегімен жеке объектілермен катар үлкен аумақын картасын жасауға болады.

Құрылған жер пайдалану жоспарында тұрғын, қоғамдық, іскерлік, ауылшаруашылық, арнайы қолданыстағы және тағы да басқа аумактар көрсетіледі. Олар сәйкесінше, жеке шаруашылық жүргізуге арналған жер, әкімшілік ғимарат, халықта қызмет көрсетуге арналған дүкен, медициналық пункт сияқты тұрлеріне бөлініп, аталады. Осы орайда жұмысты автоматтандыру мақсатында ГАЗ қолдану қажеттілігі туындауды [30].

Бұғынгі күнде ақпараттық технологиялар өміріміздің ажырамас бөлігіне айналды. Жоспарлауға қатысты тек қана аумакты пайдалануды қарастырып қана қоймай, ондағы жоспарланып отырған объекттердің, болып жатқан өзгерістердің, Жер бетінің жағдайын және тағы басқа сипаттамаларын 3D модель ретінде көрсету маңызды жұмыс бөлігіне айнала түсude.

3D модель құрудың негізгі дерек көздері ретінде далалық түсіріс жұмыстары нәтижесін, карталар, ғарыштық суреттер және тағы басқалары қолданылады. ГАЗ мен үш өлшемді модельдеу жұмыстарының бірігуі қажетті объектті көрнекі етеді және оны түсінуді жеңілдетеді.

ГАЗ жүйелер ұғымын ойлағанда бірден еске ESRI компаниясының бағдарламалық жасақтамалары еске түсері анық. Үш өлшемді модельдеу бойынша қажетті бағдарламаларды жасау да компания өнімдерінің қолданыс аясын көнектілік отыр.

ESRI компаниясының үш өлшемді модель жасаудағы келесідей бағдарламалық жасақтамаларын атап өте аламыз: ArcScene, ArcGlobe, ArcGIS Pro, CityEngine және т.б.

Үш өлшемді модельдедің негізгі қындығы оның жасалу процесі мен сақталуында. Осы орайда қарапайым интерфейспен, қолданыста оңай, қолданушылардың кез-келген түрі үшін қолайлы SketchUp бағдарламасын атап өте аламыз. Бұл бағдарлама тікелей геометриялық модельдеу тұжырымдамасын жүзеге асырады.

Аталған бағдарламаларда векторлық және растрлық деректерді қосып, оларды биіктігі бойынша соза аламыз. Атап өтетін маңызды жайт, құрылған модельдерді шынайы 3D сахна ретінде құрып, картографиялық анимация жасауға болады [31].

3.1 QGIS бағдарламасы

Quantum GIS (QGIS) – геоақпараттық деректерді басқаруға, өндеуге және талдауға, көрсетуге, сонымен қатар карта макеттерін жасауға мүмкіндік беретін ГАЖ болып табылады [32].

Бұғінгі таңда QGIS ең динамикалық және функционалды жұмыс үстелдерінің бірі болып табылады. Бағдарлама әр түрлі форматтағы деректерді қолдануға мүмкіндік береді. Атап айттар болсақ, растрлық деректер форматының 60-тан астам түрі, векторлық деректердің 20-дан астам түрін ашуға және өндеуге болады. Сонымен қатар, деректер базасымен өзара әрекеттеседі және OGC қызыметін ұсынады.


Бұл бағдарламада геодеректерді құруға, оларды басқаруға, талдауға және көрсетуге болады. Осындай функцияларды өзінде біріктірін QGIS бағдарламасының негізгі мүмкіндіктерін атап өте аламыз:

- Кескіндерді кеңістіктік байланыстыру (геокодтау);
- Векторлық қабаттар құру және өндеу;
- OpenStreetMap деректерін жүктеу және өндеу;
- Әр түрлі координаталар жүйесін қамту;
- Гео өндеу және топологияны тексеру мүмкіндіктері;
- Атрибут өрісі және растр калькуляторы;
- Векторлық және растрлық қабаттардың көрсетілімін өзгерту; және

т.б.

QGIS бағдарламасының жұмыс ортасы негізгі 6 бөліктен тұрады (3.1-сурет):

- | | |
|---------------------------------|----------------------------|
| 1. Негізгі мәзір; | 2. Құрал-саймандар панелі; |
| 3. Қабаттарды басқару тақтасы; | 4. Легенда; |
| 5. Жұмыс ортасы (карта аймағы); | 6. Күй жолағы [33]. |



3.1 Сурет – QGIS бағдарламасының интерфейсі

3.2 ArcGIS бағдарламалық жасақтамасы

ArcGIS – бұл өндірістік стандарттарға негізделген бағдарламалық өнімдердің кең спектірі. Ол ең алдымен дамыған ГАЖ, сондай-ақ толық іске келтірілген көп функциялық жасақтама болып табылады [34].

Ол қолдану құралына байланысты бірнеше түрлерге бөлінеді:

- Компьютермен жұмыс жасауға арнаған үстелдік бағдарлама;
- Android және Apple IOS мобиЛЬДІ құралдарында қолдануға арналған қосымшалар;
- Геосервистер арқылы деректерді ғаламторда деректерді жариялайтын серверлік бағдарламалық жасақтама;
- Интернет арқылы кеңістіктік деректерді өндеу үшін жасалған бағдарламалық жасақтама [35].

ArcGIS жасақтамасы жеке пайдаланушылардың жұмысын, сондай-ақ деректерді өндеу мен талдауды жасайтын көп пайдаланушы режимін қолдайды.

Дипломдық жұмыс барысында ArcMap жиынтығы қолданылады. Ол карталарды жасау, қаруу, сұрау және өндеу, сонымен қатар, құрастыру мен жариялауға арналған құрал.

ArcMap жиынтығының жұмыс алаңы негізгі мәзірден, қабаттарды өндеу құралдары қатарынан, қабаттар тізімін құрайтын терезе, және қажетті файлдар сақталатын, қабаттарды өндеуге қажет толыққанды құралдар жиынтығы, сондай-ақ әр түрлі дерек көздерінен тұрады (3.2-сурет).



3.2 Сурет – ArcMap жиынтығының интерфейсі


3.3 QGIS бағдарламасында бастапқы деректерді әзірлеу

QGIS бағдарламасының көптеген қосымша функцияларын іске асыру үшін арнайы модульдер орнату қажет. Ол үшін «Модульдер (Модули)» бастапқы мәзіріне кіріп, модульдерді басқару командасын тандаймыз.

Келтірілген модульдер тізімінен қажеттісін орнатамыз.


Біздін жағдайда OpenLayers Plugin модулі. Бұл модуль Open Street Map картасын қарастыруға және деректерді жүктеуге мүмкіндік береді (3.3-сурет).

Бастапқы деректер, қабаттарды жүктеу үшін қажетті аумаққа дейін картаны жақындастып, «Вектор» бастапқы мәзіріндегі «OpenStreetMap» командасы көмегімен жүктейміз.



3.3 Сурет – OpenLayers Plugin модулі көмегімен бастапқы деректерді жүктеу

Бастапқы қабаттар топологиясы бойынша дұрыс болу үшін, деректерді жүктегеннен соң, топологияны жүктеу функциясын жасаймыз. Жүктеу барысында деректерді сақтау орнын, оның геометриясын, қабатта көрсетілу қажет деректерді таңдал көрсете аламыз. Нәтижесінде зерттелетін аймаққа қатысты қабаттар түзіледі (3.4-сурет).




3.4 Сурет – Зерттеу аймағына қатысты бастапқы деректер

Жұмыс барысында жаңа білім орталығы құрылышына арналған ең қолайлы орынды анықтау қарастырылады. Ол үшін қазіргі қолданыстағы

мектептерді көрсету өте маңызды. Сонымен қатар, жоспарлау аймағының басқа да қырларынан қолайлы болуын алға тартқан жөн. Сондықтан, оның аураханаларға, үйлерге, жоғарғы оку орындарына және т.б. қатысты орналасуын талдаң көрсетеміз. Нәтижесінде, аталған объектілерге қатысты QGIS бағдарламасында нүктелік қабаттар құрамыз.

Нүктелік қабатта берілген гимараттар ішінен қажеті объекттерді таңдай отырып, бөліп аламыз. Ал егер қабат полигон ретінде берілсе, геометриясын өзгерту арқылы сақтаймыз. Нәкты айтсақ, полигонда центроид (Вектор—Геометрияны өндөу— Полигон центроиды) құрамыз және оны ары қарай нүктесінде сақтаймыз (3.5-сурет).



3.5 Сурет – Талдау жасауға қажетті нүктелік қабаттарды сақтау

3.4 ArcMap жасақтамасында жаңа мектеп құрылышы үшін қолайлы аймақты анықтау

ArcMap жасақтамасында жоспарланған жұмысты жасау үшін біз Model Builder модель құру ортасын қолданамыз.


Model Builder құралдар мен ондағы деректердің белгілі бір реттілікпен байланыстырылуын қамтамасыз етеді. Онда деректер өзара өндөу жұмысынан өтіп, бір құралдан екінші құралға беріліп отырады.

Model Builder Python және басқа да модельдерде скрипттерді қолдауға арналған құрал ретінде қолданылады. Сонымен қатар, ол ArcGIS жиынтығын басқа бағдарламалармен қатар қолдануға мүмкіндік береді.


Model Builder ашу үшін «Геоөндөу» мәзіріне кіріп, «Model Builder» жолағын таңдаймыз. Жұмыс ортасына бастапқыда бағдарламаға қосылған қабаттарды тышкаң көмегімен жылжытып апарамыз.

Біз модельді құруды қарастырmas бүрын, бағдарламаға қандай қабаттар қосылғандығын атап өтейік.

Жана мектеп құрылышына қажетті ең қолайлы орынды анықтау үшін біз жалпы зерттеу аумағындағы жер пайдалану және оның еністігін құрайтын қабаттарды жүктеп аламыз. Ол үшін ArcMap жасақтамасында интернет желісіне қосылу арқылы жер бетінің табиғи жамылғысын жүктейміз (3.6-сурет). Бұл деректер растрлық түрде берілгендейтін, құралдар жиынтығы ішінен растр бөлімін тауып, қажетті аумаққа қатысты қысп аламыз (3.7-сурет).




3.6 Сурет – Дүниежізінің жер бедері



3.7 Сурет – Алматы қаласы бойынша қылған жер бедері

Бағдарламаға Жердің сандық биiktік моделін қосамыз. Сонымен қатар, талдау жүргізуге қажет келесі қабаттарды енгіземіз: үй, мектеп, жоғарғы оқу орындары, колледж, автокөлік тұрағы, қоғамдық көлік аялдамалары, аурухана, бала-бақша, гараж.

Жұмыс барысын толық сипаттап өтейік.
Ең алдымен жана модель құрамыз және оған қажетті атауын, сипатамасын енгіземіз (3.8-сурет).



3.8 Сурет – Model Builder көмегімен модель құру

Жер бедеріне қатысты «Еңіс (Уклон)» құралын қолдансақ, басқа қабаттар үшін «Эвклид қашықтығы» қолданылады. «Эвклид қашықтығы» құралы кеңістіктік деректерді өңдеуге арналған құралдар жынтығы (Spatial Analyst Tools), қашықтық бөлімінде оналасқан. Құралда модельге қосып, қажетті қабаттармен байланыстырамыз.

Ал «Еңіс (Уклон)» құралын іске қосу үшін келесі реттілікті орындаймыз: «Spatial Analyst Tools-Surface-Slope». Байқасаңыз, бір құралды бірнеше рет модельге қосқанда оның атауының соына сан қосылып отырады.

Қабаттар құралдармен байланыстырылғаннан кейін, жұмыс ортасындағы құралдың үстінен екі рет басып, оның шығыс дерек атауын енгіземіз. Одан кейін жұмыс процесін іске қосамыз, яғни «Запустить» батырмасын басамыз. Нәтижесінде құрал және шығыс деректері көленкелі кейіпке енеді. Ол қажетті деректер құралғандығын білдіреді.


Еңіс және қашықтық өлшенгеннен кейін деректерді қайта жіктеу қажет. Себебі, зерттеу аймағындағы әрбір ұяшық қандай да бір мәнге ие. Сондықтан, оларды жүйелеп, бірыңғай өлшеу шкаласын құрамыз. Бұл қадам аумактың жарамдылық деңгейін нақты көрсетуге мүмкіндік береді. Біздің жағдайда 1-10 аралығындағы мәндерді енгіземіз.

Жер бедері қабаты үшін қайта жіктеу кезінде оның мәнін 10 бірлікке теңеп, жаңа мәндерді кері реттілікте қою батырмасын басамыз (3.9-сурет). Мәндерді кері реттілікте қою күшті еңіс жерлері ең жоғарғы мәнге ие болу үшін жасалады. Себебі, ондай жерлер құрылыш жүргізуге ыңғайсыз.

Енідігі кезекте деректерді жинақтап, ең қолайлы орынды анықтау үшін «Взвешенное наложение» құралын қолданамыз.

Ескере кететін жайт, мәннің өлшім бірлігін енгізген кезде су, қар

сипаттамаларын көрсетілімге қоспаймыз. Сондықтан, олар үшін «Restricted (руқсат етілмейді)» батырмасын басамыз.




3.9 Сурет – Жер бедері қабатын қайта жіктеу

Ал қашықтықты өлшейтін қабаттарда да мәнін 10 бірлік етеміз. Бұл жерде мәндердің реттілігін көрсетудің екі жолы бар. Егер жаңа құрылыш алаңынан алыс емес болғанын қаласақ кері реттілікпен, ал керісінше арақашықтық барынша алыстау болғанын қаласақ бастапқы тұра реттілікпен қойып шығамыз.

Барлық қабаттардың мәндері енгізілген соң, жалпы ол мәндердің маңыздылығына қарайәсер ету пайызын жазып шығамыз. Әсер ету пайызы жалпы қосқанда 100% құрауы қажет.

Қажетті барлық өлшемдер енгізілгеннен кейін, модельді іске қосамыз. Шығыс деректерін «Add to display» көмегімен қартада қосамыз. Қабаттар тізімінде жаңа қабат пайда болады және жер бедері әртүрлі түстермен, ал түстер сәйкесінше сандармен көрсетілген. Жоғары мәнді жерлер құрылыш үшін қолайлыш деп қарастырылады (3.10-сурет).



3.10 Сурет – «Взвешенное наложение» құралының нәтижесінде құрылған қабат

Берілген қабаттық әрбір пикель ұяшығы мәндерге ие. Сондықтан, біз модель үшін белгілі шарт жасап, ең қолайлы деген мәні жоғары аймақты бөліп көрсетеміз. Ол үшін «Con» құралы пайдаланылады. Құралды ашып оған атауын енгізіп, мәнге қатысты шартты енгізеді.


«Generalization» құралдар жиынтығында орналасқан «Көпшілік таңдау» құралы арқылы ең оңтайлы аумақты анықтаймыз. Мұнда көршілес ұяшықтар санын анықтайды. Біз ұяшықтар санын 8 деп көрсетеміз, өйткені осы байланыстырылған ұяшықтар бірдей мәнге ие болу керектігін көрсетеміз.

Жұмыс нәтижесі растр түрінде шығады. Біз оны картада қосу үшін «Raster to polygon» құралын қолданамыз. Нәтижесінде жаңа құрылым үшін ең оңтайлы жерлерді полигон ретінде сзып көрсететін болады. Шығыс деректерін «Add to display» көмегімен картада қосамыз (3.11-сурет).

Картада қосылған жаңа қабатты көрнекі түрде көрсету үшін оның символын өзгертеміз. Ол үшін қабаттың «Свойства» бөліміне кіріп «Symbology» мәзірінде қажетті символды, оның түсін, өлшемін таңдай аламыз.

Қолданыстағы мектептерге қатысты нәтижені көру үшін мектеп қабатын қосып, оның да көрсетілімін өзгертеміз.

Жоспарлануға таңдалып отырған аймақ қай ауданда орналасқандығын да көре аламыз. Ол үшін қала шекарасы қабатында «Feature labels» мәзірін іске қосамыз. «Labels» бөлімінде атауларға қатысты «Name» өрісін таңдап көрсетеміз. Жазудың қарпін, өлшемін өзімізге ынғайлы етіп өзгерте аламыз.



3.11 Сурет – Жаңа білім орталығы үшін қолайлы аумақты таңдау жұмысының нәтижесі

3.5 Аймақты жоспарлау және 3D модель құру

Аймақты жоспарлау SketchUp бағдарламасында жасалады.

SketchUp бағдарламасы тез әрі оңай 3D модель құруға арналған. Ол қандай да терең оқытуды қажет етпейді. Өйткені, онда барлық қолданушыға

пайдалы әрі қарапайым құралдар бар. Бағдарламады әр түрлі деңгейдегі объекттерді жасауға болады. Мысалы, ғимараттар, жиһаздар, белгілі қолданыстағы заттар және т.б.


SketchUp бағдарламасы объекттерді жасауға ғана емес, оларды бөлуге және сол бөлік арқылы объекттің ішкі жағын қарастыру мүмкіндік береді. Онда әр түрлі безендірuler жасап, тіпті жұмыс нәтижесін көрнекі түрде анимациямен сақтап алуға болады [36].

Бағдарлама қарапайым болғанымен, оның мүмкіндіктерін кеңейтетін модульдер өте көп. Модульдер көмегімен ғаламтор желісі арқылы қажетті жердің картасын жүктеп, бағдарламаға қосу мүмкіндігін аламыз (3.12-сурет).



3.12 Сурет – Жоспарлау аумағына қатысты бастапқы картаны жүктеу

Алынған қабатты SketchUp бағдарламасына қосамыз. Ғимараттар 3D модель түрінде болады (3.13-сурет).




3.13 Сурет – Жоспарлау аумағы бойынша жүктелген бастапқы карта


Келесі кезекте құрылыш аумағына қатысты жоспарлау жұмысын жасаймыз (3.14-сурет).

Аумақты жоспарлау үшін бағдарламада келтірілген құралдар, яғни сзыық, фигуralар көмегімен жоспарлау жұмысын жасаймыз. 3D көрініс жасау үшін қажетті объектті таңдап, оны қажетті бағытта созамыз немесе кішірейтеміз (3.15-сурет). Бағдарламаның айналдыру құралын пайдалана отырып, жасалған объектті жан-жақты қарауға болады.

Жоспарлау аумағын көрнекі түрде көрсету үшін, ағаштар, отыратын орындық сынды дайын объекттерді қоса аламыз. Ол үшін «Terезе» мәзірінен «3D Warehouse» жолағына кіреміз. Қажетті объекттерді іздең, оны жобаға қосамыз.



3.14 Сурет – Аумақты жоспарлау барысы



3.15 Сурет – SketchUp бағдарламасында құрылған аумақтың 3D моделі

ҚОРЫТЫНДЫ

Аумақты жоспарлау халық үшін ең қолайлы жағдайды құру, олардың қажеттіліктерін қамтамасыз ету және экономикалық, саяси сынды бірнеше факторлар негізінде жүзеге асады.

Аумақты жоспарлау үшін мәліметтердің кең ауқымын сақтап тұру өте маңызды. Сақтауға емес, оларды алуға, таратуға, өндөуге, сондай-ақ көрсетуге мүмкіндік тудыратында шарттарын қарастыру қажет. Осы функцияларды өзінде біріктіретін геоакпараттық жүйелер жоспарлау және дамыту саласы үшін ең маңызды құрал болып отырғаны анық.

Жұмыс барысында байқағандай, ГАЗ көмегімен акпараттардың кең көлемін алуға болатындығы түсінікті.

Дипломдық жұмыс барысында QGIS бағдарламасында OpenLayers Plugin модулін орнату арқылы, Open Street Map картасынан Алматы қаласына қатысты бастапқы деректерді жүктеп алдық. Жүктелген деректер арасынан, алдағы уақытта талдауға қажетті қабаттарды жеке бөліп сақтадық.

Енимардаттар мен қандай да бір объектілерге қатысты қабаттардан басқа жер бедері мен жер пайдалану қабаттарының қажеттілігі туындаиды. Қажет қабаттары жүктеу және жаңа білім орталығы үшін қолайлы орынды анықтау мақсатында жұмыс ArcMap жасақтамасында жалғасын тапты.

Қажетті қабаттарды жүктеу үшін «Деректерді қосу» мәзірінде батырманы төмен қарай басып, ArcGIS Online деректерді онлайн жүктеу мәзіріне өтеміз. Жер бедеріне қатысты іздеу жұмысын жасап оны картага қосамыз. Бұл қабат дүниежүзінің жер бедерін құрайды. Сондықтан, біз растрды қиу құралы көмегімен зерттеу аумағына қатысты қылп аламыз.

Ары қарай қолайлы аумақта анықтау үшін модель құрамыз. Модельде бастапқы кіріс деректері ретінде алдын-ала сақталған қабаттар енгізіледі. Сол қабаттарға қатысты қайта жіктеу жұмыстарын жасап, ұяшықтарға берілген мәндер бойынша «взвешенное наложение» құралымен ең қолайлы аумақты таңдаймыз. Ең жоғары мәнге ие болған жер жоспарлау, дамыту үшін ең қолайлы орындар болып табылады. Шартты түрде ең жоғарғы мәнге ие жерді бөліп көрсетеміз. Жұмыс нәтижесі растр түрінде болғандықтан, оны полигонға ауыстырамыз және картага қосамыз. Осылайша жаңа білім орталығы үшін қолайлы аумақты анықтаймыз.

Қолайлы аумақ анықталғаннан кейін SketchUp бағдарламасында жерді пайдалану жоспарын және оның 3D модельін құрдық.

Жұмысты қорытындылай келе, ГАЗ деректерді алуға және өндөуге қажетті маңызы ерекше құрал екенін атап өте аламыз. Ал модель бағдарламалық жасақтаманың мүмкіндіктері аясын одан әрі кеңейтіп, талдау үшін қажетті барлық құралдарды ұсынатындығын анғарамыз.

ПАЙДАЛАНЫЛГАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Лышко А. С., Медведев С. О. ИССЛЕДОВАНИЕ ВОЗМОЖНОСТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ СОВРЕМЕННЫХ ИНСТРУМЕНТОВ ПРИ ПЛАНИРОВАНИИ РАЗВИТИЯ ТЕРРИТОРИЙ (НА ПРИМЕРЕ ГРАФОАНАЛИТИЧЕСКИХ МЕТОДОВ И ГЕОИНФОРМАЦИОННЫХ СИСТЕМ) //Международный журнал гуманитарных и естественных наук. – 2021. – №. 4-3. – С. 47-49.
2. Мальганова И. Г., Хабибуллина А. Р. Применение космических и ГИС технологий в территориальном планировании сельских поселений региона (на примере республики Татарстан) //Геополитика и экогеодинамика регионов. – 2018. – Т. 4. – №. 4. – С. 274-282.
3. Морозова Я. С., Максимов Н. Э. Применение геоинформационных систем при разработке стратегии развития территории //Актуальные вопросы технических наук. – 2015. – С. 147-150.
4. Шевелева А. В. и др. Использование ГИС-технологий в процедуре территориального планирования //Наука. Техника. Технологии (политехнический вестник). – 2019. – №. 2. – С. 331.
5. Махотлова М. Ш. и др. Землеустройство и управление территориальным развитием с применением ГИС //Аграрное и земельное право. – 2021. – №. 1. – С. 88-91.
6. Каганович А. А. Планирование территориальной устойчивости с использованием геоинформационных систем //Известия Санкт-Петербургского государственного аграрного университета. – 2017. – №. 1 (46). – С. 203-207.
7. Закаблук О. В. Применение ГИС-технологий в территориальном планировании. – 2019.
8. Шипулин В. Д. Основные принципы геоинформационных систем: учебн. пособие. – 2010.
9. Кащенко Н. А., Попов Е. В., Чечин А. В. Геоинформационные системы. – 2012.
10. Гусева А. В. Геоинформационные системы //Горный информационно-аналитический бюллетень (научно-технический журнал). – 2013. – №. 5. – С. 50-55.
11. Карманов А. Г., Кнышев А. И., Елисеева В. В. Геоинформационные системы территориального управления //СПб.: ИТМО. – 2015. – Т. 129.
12. Потапова Е. В. и др. ПРИМЕНЕНИЕ ГИС (ГЕОИНФОРМАЦИОННЫХ СИСТЕМ) В ИСОГД (ИНФОРМАЦИОННОЙ СИСТЕМЕ ОБЕСПЕЧЕНИЯ ГРАДОСТРОИТЕЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ) ДЛЯ ФОРМИРОВАНИЯ ЖИЗНЕСПОСОБНОГО ГОРОДА //Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований. – 2020. – №. 10. – С. 28-32.
13. Юрковский Р. Г., Шишгалова Н. Е. Геоинформационные системы в градостроительстве. – 2020.
14. Титов Н. А. РОЛЬ ГИС В ГРАДОСТРОИТЕЛЬСТВЕ THE ROLE OF

- GIS IN URBAN PLANNING //Материалы участников XVI Большого географического фестиваля. – 2020. – С. 681.
15. Палеха Ю. Н. Развитие градостроительных ГИС в Украине на современном этапе //Ученые записки Крымского федерального университета имени ВИ Вернадского. География. Геология. – 2010. – Т. 23. – №. 2. – С. 214-221.
16. Аль Савафи М. Х. Геоинформационные технологии в градостроительной деятельности. – 2021.
17. Yeh A. G. O. Urban planning and GIS //Geographical information systems. – 1999. – Т. 2. – №. 877-888. – С. 1.
18. Палеха Ю. Н., Олещенко А. В., Соломаха И. В. Применение ГИС-технологий в градостроительных проектах на государственном и региональном уровнях //Ученые записки Крымского федерального университета имени ВИ Вернадского. География. Геология. – 2012. – Т. 25. – №. 1. – С. 155-166.
19. Криворотко О. И. и др. ГЕОИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА КАЗАХСТАНА. МАТЕМАТИЧЕСКИЕ МОДЕЛИ ГЕОИНФОРМАЦИОННОЙ СИСТЕМЫ КАЗАХСТАНА //Марчуковские научные чтения-2017. – 2017. – С. 455-462.
20. Алматы каласының геоқартастық жүйесі <https://arcview.esri-cis.ru/2014/05/05/geoinformation-system-of-almaty/>
21. ГИС для градостроительства <https://kazgis.kz/resheniya/gis-dlya-gradostroitelstva>
22. Алматы запущена трехмерная геоинформационная система <https://profit.kz/news/45214/V-Almati-zapuschena-trekhmernaya-geoinformacionnaya-sistema/>
23. Жуаспаева М. С. Методические основы создания и использования трехмерных геоизображений для решения задач развития инфраструктуры г. Алматы //ББК 10 Научно-издательский центр «Открытие» otkritieinfo.ru «Наука XXI века: новый подход»: Материалы XII молодёжной международной научно-практической конференции студентов, аспирантов и молодых учёных 28-29 января 2015. – 2015. – С. 44.
24. Город Алматы (Алма-Ата) <https://wikiway.com/kazakhstan/alma-ata/>
25. Қазақстан Республикасы стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы <https://stat.gov.kz/region/268020>
26. Алма-ата
<https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%90%D0%BB%D0%BC%D0%B0-%D0%90%D1%82%D0%B0>
27. Алма-Ата, География, Гидрография, Климат <http://travellers.ru/city-alma-ata-15>
28. Сколько заповедников в Казахстане?
<https://www.nur.kz/family/school/1573899-skolko-zapovednikov-v-vostochnom-kaz/>
29. Алматы. <https://visitkazakhstan.kz/ru/guide/information/16/0/>
30. Батин Д. А. и др. ТЕРРИТОРИАЛЬНОЕ ПЛАНИРОВАНИЕ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ЗЕМЕЛЬ СЕЛЬСКОГО МУНИЦИПАЛЬНОГО

ОБРАЗОВАНИЯ //Научное обозрение. Международный научно-практический журнал. – 2020. – №. 3.

31. Гусев И. А. Создание пространственной модели местности в ГИС ArcGIS //Огарёв-Online. – 2015. – №. 4 (45). – С. 4.

32. Санникова Н. В. Построение санитарно-защитных зон промышленных предприятий города Тюмени с использованием программы QGIS DESKTOP //Биотехнологические приемы производства и переработки сельскохозяйственной продукции. – 2021. – С. 243-249.

33. Свидзинская Д. В., Бруй А. С. Основы QGIS //AC Бруй-Киев. – 2014.

34. Орозобекова А. К., Сыдыкова А. Ж. ОСНОВЫ РАБОТЫ НА ARCGIS 9 //Вестник Кыргызского государственного университета строительства, транспорта и архитектуры им. Н. Исanova. – 2012. – №. 2. – С. 28-37.

35. Мыльников Д. Ю. Геоинформационные платформы //Обзор ГИС платформ. URL: https://www.politerm.com/articles/comnet/obzor_gis. – 2012

36. Бахмисова М. А. Программа SketchUp для 3D-моделирования и дизайн-проектирования объектов интерьера //Развитие науки и образования. – 2019. – С. 80-90.